





МАРКСИЗМ
ФИЛОСОФИЯСЫ

- XIX ғасырдың бірінші жартысында капиталистік өндіріс әдісінің қарқынды дамуы, буржуазиялық қоғамның тап қайшылықтарының шиеленісуі, пролетариаттың тез өсуі және оның тарихи күрес майданына шығуы марксизм теориясын тудырды. Карл Маркс (1818—1883) философия мен саяси экономика саласында екі жаңалық жасады. Біріншісі — тарихты материалистік тұрғыдан түсіну. Оның мәні мынада. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігі болып табылатын материалдық тұрмыстық өндіріс әдісі қоғамдағы әлеуметтік саяси және рухани процестерді туғызатындығын дәлелдеді. Капиталистік құрылыстың өндіргіш күштері үздіксіз дами отырып, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікке негізделген буржуазиялық өндірістік қатынастармен сөзсіз қайшылыққа келеді. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы тереңдеп келе жатқан антогонизмді тек пролетарлық революция ғана шеше алады, ол жұмысшы табының өкіметін орнатуға жеткізеді және қоғамды социалистік жолмен қайта құру үшін жол ашып береді деді. Екінші жаңалығы — капиталистік қанаудың сырын әшкерелеген қосымша құң туралы ілім болды.



Марксизм — 19 ғасырдың 40-жылдары Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізін қалаған философиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі. Марксизмнің теориялық қайнар көзі — классикалық неміс философиясы (Г. Гегель, Л. Фейербах), классикалық ағылшын саяси экономиясы (А. Смит және Д. Рикардо) және француз утопиялық социализм ілімі (Ш. Фурье, Р. Оуэн және Сен-Симон). Марксизмнің мақсаты, қоғамның негізгі қозғаушы күші ретінде жұмысшы табының маңызын теориялық негіздеу болды.

Маркс пен Энгельс капитализмнің орнына социализм келеді, ол міндетті орындайтын қоғамдық күш — жұмысшы табы деп үйретті. Себебі, пролетариат — буржуазиялық қоғамның ең революцияшыл, ең ұйымдасқан, ең саналы және интернационалдық табы.

Маркс пен Энгельс тап күресі, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді жасады. Олар пролетариаттың өзінің меншікті саяси партиясы — коммунистер партиясы болуға тиіс, ол жұмысшы қозғалысына басшылық жасауға тиіс деген қағиданы негіздеді. Маркс пен Энгельстің ізбасары В. И. Ленин (1870—1924) болды. Ол капитализм дамуының империалистік сатысының заңдылықтарын зерттеді. Жаңа түрпатты партия туралы ілімді жасады және осындай партияның ұйымдастырушысы болды.





220. Клуцис Г.
Выше знамя Маркса, Энгельса, Ленина и Сталина! 1936

Ленин Маркс пен Энгельс жасаған социалистік революция теориясын дамыпты. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын негіздеді. Социализмнің алдымен бірнеше елде немесе тіпті жеке бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы тұжырымдама жасады (бұған дейін марксистер социализмнің жеке бір елде немесе елдердің шағын тобында жеңуі мүмкін еместігі, дүниенің дамыған елдерінің көпшілігінде социализмнің бір мезгілде жеңуінің міндеттілігі туралы тезиске сүйенген болатын).

Ленин әр түрлі елдердің капитализмнен социализмге өту түрлерінің сан алуан болатындығы туралы қағиданы қолдады. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік түрі ретінде Кеңестерді ашты. Жаңа қоғам құру ісін Ленин елді индустрияландырумен, ауыл шаруашылығын кооперациялаумен және мәдени революцияны жүзеге асырумен байланыстырды. Ол социализм орнатуда пролетарлық мемлекеттің рөлін айқындап, өтпелі дәуірдегі тап күресінің ерекшеліктерін көрсетті.



Қоғамдық-экономикалық формация (лат. formatio - құрылым, түр) - қоғамның марксистік теориясындағы немесе тарихи материализмдегі негізгі ұғым: «... тарихи дамудың белгілі сатысында тұратын қоғам». Қоғамдық-экономикалық формация категориясы - адамзат қоғамының тарихи белгілі сатысының тұтас сипаттамасы, қоғам өмірінің өзара табиғи байланыстағы барлық жақтарын қамтиды. Әрбір қоғамдық-экономикалық формацияның тұтастық ретінде дамуының материалдық негізін құрайтын өзінің өндіріс тәсілі, яғни экономикалық базисі және оған сәйкес қондырғысы болады (саясат, құқық және т.б.).

Қоғамдық-экономикалық формация категориясы адамзат қоғамының дамуының белгілі сатысымен қатар әлеуметтік организмнің тарихи типін - нақты қоғамды да білдіреді, оның ең маңызды терең мәнділік белгілерін бейнелейді. Осыған сәйкес адамзат тарихында бес формация бөлінген - алғашқы қауымдық, құлдық, феодалдық, буржуазиялық (капиталистік) және коммунистік. Олардың әрқайсысының пайда болуы мен дамуының өз ерекше заңдылықтары бар. Сол сияқты әрбір формацияда дүниежүзілік тарихтың бірыңғай процесін бейнелейтін жалпы заңдар да іс-әрекет жасайды. Бір формациядан басқасына ауысу тек әлеуметтік революция арқылы ғана жүзеге асады.

Дегенмен, қоғамдық-экономикалық формация туралы марксизмдегі көзқарас қазіргі заманда сынға да алынғанын ескеру керек. Оған қарсы пікір айтушылар адамзат тарихын өрлеу сызығымен дамиды деп формациямен шектелетін эмбебап, монистік және бір сызықтық тұтас жаһандық процесс ретінде қарастыруға болмайтындығына назар аударады.

Қазіргі кезде орынсыз ұмытыла бастаған К.Маркстің қағидасын есімізге түсірейік. Ол былай дейді: «Әлеуметтендіру - индивидке еш ойланбастан дайын әлеуметтік қалыпты тигізе салу емес. Әлеуметтендірудің объектісі ретінде әрекет ететін индивид сонымен қатар қоғамдық белсенділіктің субъектісі, қоғамдық нысандарды жасаушы да болып табылады». Сонымен бірге К.Маркс атап көрсеткеніндей: «өндірістің арқасында жаңа сапаларға қол жеткізе, өзін-өзі жетілдіре және өзгерте отырып, жаңа күштер мен жаңа түсініктерді, жаңа қарым-қатынас әдістерін, жаңа қажеттіктер мен жаңа тілді жасай отырып, өндірушілердің өздері де өзгереді».

Басқаша айтқанда, мына жағдайды естен шығаруға болмайды: осындай тіршілік иесін қоғам ғана жасамайды, адам да «қоғамды жасайды», «өзін-өзі және айналадағыларды жасайды». Бұл белсенді жеке тұлғаны, оның саяси «менін» жасау процесі, яғни жеке адамның саясатқа араласуы саяси жүйе индивидті өз аясына тартып, өзінің жақтастарын топтастырған кезден, сондай-ақ оларды қарапайым саяси міндеттерді орындауға үйретіп, жай саяси қызмет дағдысын қалыптастырған кезден басталады. Саясат пен жеке адамның бұл өзара әрекеттестігінің нақты тарихи сипаты бар. Әрбір саяси жүйе саяси әлеуметтендірудің өзіндік тетіктерін жасайды. Ал бұл тетік таптық қоғамның дамуымен ғана байланысты, яғни құл иеленуші қоғамнан бастап пайда болады. Алайда оның дамыған нысандары таптық күштердің орналасуы жеке адамдардың саяси рольдерін, мүдделері мен құндылықтарын елеулі түрде айқындайтын жерде, капитализмнен бастап, пайда болады.

